

## **Монтайтас ауылдық округіндегі елді мекеніндегі атаусыз көшелерге атау беру туралы**

Түркістан облысы Арыс қаласы әкімдігі Монтайтас ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 6 наурыздағы № 9 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 наурызда № 4929 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес халық пікірін ескере отырып және Түркістан облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 10 тамыздағы қорытындысы негізінде Монтайтас ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Монтайтас ауылдық округі Қожатоғай елді мекеніндегі атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Монтайтас ауылындағы атауы жоқ № 1 көшеге – Жастар атауы;
- 2) Монтайтас ауылындағы атауы жоқ № 2 көшеге – Болашақ атауы;
- 3) Монтайтас ауылындағы атауы жоқ № 3 көшеге – Нұрлыжол атауы;
- 4) Монтайтас ауылындағы атауы жоқ № 4 көшеге – Шапағат атауы;
- 5) Монтайтас ауылындағы атауы жоқ № 5 көшеге – Керегетас атауы;
- 6) Монтайтас ауылындағы атауы жоқ № 6 көшеге – Шаңырақ атауы;
- 7) Монтайтас ауылындағы атауы жоқ № 7 көшеге – Бейбітшілік атауы;
- 8) Монтайтас ауылындағы атауы жоқ № 8 көшеге – Бәйтерек атауы;
- 9) Монтайтас ауылындағы атауы жоқ № 9 көшеге – Игілік атауы;
- 10) Монтайтас ауылындағы атауы жоқ № 10 көшеге – Татулық атауы.

2. "Монтайтас ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкім шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Арыс қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК